

Мені алдымен оқыңыз

Бастамас бұрын

- Өнімге арналған нұсқалары туралы ақпаратты, орнату нұсқаулары мен қауіпсіздік құжатын қарап шығыңыз.
- Өнім лицензиясы өткізу мүмкіндігін жеткілікті түрде тексеруге мүмкіндік беретінін тексеріңіз. Әдепкі бойынша кейбір қауіпсіздік құрылғыларының лицензиясы болмайды және олар тек тексеру және бағалау мақсаттарына арналған өткізу мүмкіндігін азайтып тексеруге мүмкіндік береді. Талаптар өнімді орнату нұсқаулығында құжатталған.
- Орнатуды орындау үшін қуат көлемінің келесі құжаттағы талаптарға сәйкестігін тексеріңіз.
- Орнату үшін 19 дюймдік тіректі дайындаңыз. Қосымша, сәйкес керек-жарақтарды пайдаланған кезде, әрбір құрылғы да 23 дюймдік тірекке сыяды. Төрт істікті тірекке әрқашан төрт істікті бекіткішті қолданыңыз.

Қауіп-қатерді басқару орталығы

Қауіп-қатерді басқару орталығы (ҚБО) — дүниежүзіндегі экрандарға ең соңғы шабуыл туралы ақпаратты бақылайтын, одан кейін шабуыл жасайтын сүзгілерді құрастыратын және тарататын қызмет көрсету орталығы.

Сондай-ақ ҚБО (<https://tmc.tippingpoint.com>) әртүрлі құжаттарды, TippingPoint білім қорын және қолдау орталығына байланысу жолы туралы мәліметтерді қамтиды.

Өнім туралы құжатты алу үшін, Trend Micro онлайн анықтама орталығы (<http://docs.trendmicro.com/en-us/home.aspx>) сайтына өтіңіз.

СПЛК және аппараттық құралдың шектеулі кепілдемесі туралы жазба

Осы өнімге арналған Соңғы пайдаланушымен лицензиялық келісім (СПЛК) және осы өніммен бірге қолданылатын кез келген бағдарламалық құралға қолданылатын Trend Micro лицензия шарттары мына сайтта қолжетімді:

<https://www.trendmicro.com/tippingpointeula>

Осы өнімге арналған аппараттық құралдың шектеулі кепілдемесі мына сайт арқылы қолжетімді:

<https://www.trendmicro.com/tippingpointwarranty>

Сондай-ақ осы өнімді сатушыдан Шарттардың көшірмесін сұрап алуға немесе жергілікті Trend Micro сату бөлімдерімен байланысуға болады. Trend Micro, Шарттарды қарап шықпасаңыз да, осы өнімге немесе бағдарламалық құралға қатысты кез келген пайдалануды Шарттармен келісу ретінде қарастырады.

Қауіпсіздік құрылғысын орнатуға жалпы шолу

1-қадам. Құрылғыны тірекке тіркеу

Қауіпсіздік құрылғысымен бірге жеткізілген тіректер жинағын қаптамадан шығарыңыз. Тіректің төменгі жағына ауырырақ компонентті орналастырып, тіректі төменнен жоғары қарай жүктеңіз. Тіректің тұрақты болуы үшін бастапқы орнату барысында компоненттерді тірекке қалыпты түрде орналастырыңыз.

2-қадам. Қуат беру құралын қосу

Қалыпты қуат сымның бұрап бекітілетін ұшын қуат кірісіне, ал қуат сымның екінші ұшын айнымалы ток адаптері розеткасына, ұзартқышқа немесе UPS құрылғысына жалғаңыз. Резервтік қуат көздерімен жабдықталған құрылғы құрылғыны қосу үшін бір қуат сымын пайдалануды талап етеді. Резервтік қуат беру үшін қосымша қуат сымы керек. Ең жақсы қорғау мақсатымен әрбір қуат сымы үшін жеке ток тізбегін қосу қажет.

3-қадам. К/Ш модульдерін қосу (NX және TX сериялы құрылғылар)

NX және TX сериялы құрылғылар барлық модуль ұяларына салынған бос модульдермен беріледі. Қауіпсіздік құрылғысын тиімді жұмыс істейтін етіп қосу үшін, модуль ұяларын ұзақ уақытқа бос етіп қалдырмаңыз. Дұрыс желдетілуін қамтамасыз ету үшін, бос модульді немесе К/Ш модульді әрбір ұяға салыңыз.

NX және TX сериялы құрылғылары қолдау көрсететін К/Ш модульдері мен айналма К/Ш модульдері туралы ақпаратты алу үшін, өнімге арналған аппараттық құрал туралы құжатты қараңыз

Басқа сатушының модульдерін қолдану жүйенің дұрыс жұмыс істеуіне зақым келтіруі мүмкін.

4-қадам. Кабельдерді жалғау

Басқару портын жалғау

Басқару порты қосылымы құрылғыны қашықтан басқару үшін құрылғыға Ethernet арқылы қол жеткізу мүмкіндігін береді. Ethernet кабелінің бір ұшын тура **MGMT** жапсырмасының жоғарғы жағындағы, алдыңғы панельдегі басқару портына жалғаңыз. Ethernet кабелінің басқа ұшын желіге жалғаңыз.

Консоль портын қосу

Консоль порты қосылымы құрылғының пәрмен жолына сериялық қол жеткізу мүмкіндігін береді. Өніммен бірге жеткізілген RJ-45 бос модем кабелін тура басқару портының жоғарғы жағында орналасқан құралдың алдыңғы жағындағы консоль портына жалғаңыз. Кабельдің екінші ұшын (стандартты өлшемдегі USB қосқышын) компьютерге жалғаңыз.

Консоль порты үшін келесі терминал параметрлерін қолданыңыз:

Жылдамдық: 115200 бит/сек
Дерек биттері: 8
Жиілік биті: Жоқ
Стоп-биттер: 1
Ағынды басқару: Жоқ

Желі қосылымдарын жалғау

Әрбір желі кабелін құрылғыдағы желі сегментіне қосыңыз. Әрбір желі сегменті құрылғыдағы порттар жұбынан тұрады, мысалы, бір желі сегментінің 1A және 1B порттары. Егер трафик жұпталған порттардың біріне өтетін болса, құрылғы трафикті түсіру үшін конфигурацияланбайынша басқа порттан шығарылады.

5-қадам. Сыртқы пайдаланушы дискісін салу

Жұмыс барысында ауыстыруға болатын бұл алдын ала пішімделген пайдаланушы дискісіне жүйе журналдарын, суреттерін және басқа жүйе деректерін сақтауға

болады. Құрылғы сыртқы пайдаланушы дискілері үшін түпнұсқалықты растауды талап ету үшін орнатылған болса, CLI интерфейсін қолданып орнату процесін аяқтаңыз.

Бастапқы орнатылым

Құрылғыны пайдалану жөніндегі талаптарды қарап шыққаннан кейін, құрылғыны қосыңыз. Консоль портынан орнату шеберін пайдалану арқылы бастапқы конфигурацияны аяқтаңыз.

ҚБЖ орнатуға жалпы шолу

1-қадам. Серверді тірекке тіркеу

Тіректер жинағын қаптамадан шығарып, қауіпсіздік құралымен бірге жеткізілетін тіректер жинағын орнату жөніндегі нұсқауларды орындаңыз. Тіректің төменгі жағына ауырырақ компонентті орналастырып, тіректі төменнен жоғары қарай жүктеңіз. Тіректің тұрақты болуы үшін бастапқы орнату барысында компоненттерді тірекке қалыпты түрде орналастырыңыз.

2-қадам. Қуат беру құралын қосу

ҚБЖ серверін тірекке қойған соң, айнымалы ток қуаты қосылымдарын тіркеңіз. Қалыпты қуат сымның бұрап бекітілетін ұшын корпусының артқы жағындағы қуат кірісіне, ал қуат сымның екінші ұшын айнымалы ток адаптері розеткасына, ұзартқышқа немесе UPS құрылғысына жалғаңыз. ҚБЖ сервері құрылғыны қосу үшін бір қуат сымын пайдалануды талап етеді. Резервтік қуат беру үшін қосымша қуат сымы керек. Ең жақсы қорғау мақсатымен әрбір қуат сымы үшін жеке ток тізбегін қосу қажет.

3-қадам. Кабельдерді жалғау

1. Басқару портын желіге қосыңыз. Бұл Ethernet арқылы қол жеткізуге және серверді қашықтан басқаруға мүмкіндік береді. Сервердің артқы панеліндегі NIC 1 қосқышын 10 Мб/сек, 100 Мб/сек немесе 1 Гб/сек хабқа немесе коммутаторға қосу үшін Ethernet кабелін пайдаланыңыз.

2. Сервердік операциялық жүйесіне қол жеткізу үшін, монитор мен пернетақтаны қосыңыз. Артқы панельде монитор кабелін VGA монитор портына, ал USB пернетақтасын кез келген USB қосқыштарына жалғаңыз.

3. Консоль порты қосылымы ҚБЖ серверіне сериялық қол жеткізу мүмкіндігін береді.

Консоль порты үшін келесі терминал параметрлерін қолданыңыз:

Жылдамдық: 9600 бит/сек
Дерек биттері: 8
Жиілік биті: Жоқ
Стоп-биттер: 1

Бастапқы орнатылым

Орнатуды аяқтау үшін серверді қосыңыз. Жүйе сұраған кезде, жүйеге тамаша пайдаланушы есептік жазбасының көмегімен кіріп, бастапқы орнату әрекеттерін аяқтау үшін Enter пернесін басыңыз.

Заңды хабарлама

© Copyright 2019 Trend Micro Incorporated. Барлық құқықтары қорғалған.

Trend Micro, the Trend Micro t-ball logo, TippingPoint және Digital Vaccine белгілері – Trend Micro Incorporated компаниясының тіркелген сауда белгілері. Барлық басқа өнімдердің немесе компания атауларының олардың иелерінің сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болуы мүмкін.

Жарияланым: шілде 2019

